# Kremicy

**Белгілі журналист-жазушы, жерлесіміз "Егемен Қазақстан" газетінің жауапты хатшысы Жанат Елшібек оннан астам кітаптың авторы, Астанадағы "Елорда" баспасынан жарық көрген жаңа жинағы "Қош бол, теңіз..." деп аталады. Кітаптағы повестер мен әңгімелердің негізгі арқауы – Жетісу өңірі, Балқаш балықшыларының өмірі мен туған жер табиғаты. Соның кейбірін назарларыңызға ұсынып отырмыз.**



## Иттің көз жасы

Әдеттегі жарасымды жайма-шуақ отырыс біртіндеп табиғатта сирек ұшырасатын қызықты оқиғаларға ойысқан. Әңгіме-дүкені қызған шақтағы адамдардың көңіл ауаны да бөлекше болса керек. Әркім өзі көрген, өзі тамашалаған, өзі бастан кешірген елең еткізер жайттарды жеткізгенше асығатыны белгілі. Жиналғандардың жүздері де сәт сайын құбылып, бір бозарып-мұңайып, бір жадырап-күліп қилы-қилы күйге түседі-ай. Тіпті, адам айтса нанғысыз көріністердің бірі одан бетер үрейлендіріп, шошындырса, енді бірі жұдырықтай жүрегіңді езіп, ерекше егілтеді. Мұндайда тарқатылған ұршықтай ширатылған әңгіме ұшы көрінбей, қайта керісінше қоздап қоя береді емес пе?

Қалт еткен тынысты мезетте өзім куә болған тосын оқиғаның шетін шығардым.

– Иттің жылағанын көргендеріңіз бар ма, осы?

– ?..

Жөпелдемеде ешкім тіл қатпаған. Оқыс сауал әлгіндегі дабыр-дұбырды сабасына түсіргендей. Ілкі сәттік тыныштықты күнұзаққа әңгіме көрігін қыздырған сақалды жігіт бөлді.

– Жеті қазынаның бірінен саналатын ит туралы неше түрлі аңыздар бар ғой,– деген ол сөзін әріден сабақтады. – Құтқарушы ит, із кесуші ит, циркаш ит, сөйлейтін ит... Ықылым заманнан бері адаммен бірге жасасып келе жатқан төрт аяқты досымыз жайында, олардың қайран қалдырар қасиеттері мен іс-әрекеттері жөнінде тәулік бойына тамсана сөз етуге болар еді. Бірақ...

Шыдамадым:

– Иә, ойыңыз түсінікті,– дедім жалмажан. – "Жылаған итті кездестірген емеспіз" дейсіз ғой. Ендеше, маған құлақ түріңіз. Қабір құшақтап жылаған иттің хикаясын айтып берейін.

Сол-ақ екен аңсары ауған өзгелер көмейлеріне іркілген күмәнді сауалдарын жарыса ағытқан:

– Болған оқиға ма, өзі? Қашан, қай жерде?

– Рас айтасыз ба?

– Әңгімені бөлмелік.

– Тыңдалық та алдымен...

Осыдан бір-не-ше жыл бұрынғы оқиға қаз-қалпында бар бояуымен көз алдыма жетіп келген. Мұңға толы сол суреттің санамда қайта жаңғырған сұлбасы төмендегідей.

– Сәуір сәулесі мөлдіреп тұрған кез еді. Ерте шыққан көктем бүкіл Қаратал бойын жасыл желекке бөлеп-ақ тастаған. Іргедегі Балқаштан лекіген қоңыр салқын алтынкүрекке ұласып жатқандай. Тек шуақты көңілге ызғар үйіргені жақсы көретін аяулы азамат Нәсжанның қазасы. Төтеннен жабысқан дерт ай аралатпай құлатып тынды емес пе. Орда бұзар отызында қапылыста қанаты қайырылып, соңында жәудіреп шиеттей балапандары шырылдап қалды. Қабырғасы қайысқан үлкен-кіші аяғынан тік тұрып қызмет көрсетуде. Тірі жан әманда пендешілігін жасаған. Қаралы күндері жұрт назарын өзіне айрықша аударған Нәсжанның иті көптің тамашасына айналды. Иесінің дүние салғанын сезген Ақтөс табалдырықта бүк түсіп, үн-түнсіз жатып алады.

О, тоба! Бейкүнә сәбидің пәк жүрегі нені сезсейші. Үздік-создық дауыс салып келгендердің аяғына оратылған иттің көзіндегі мөлтілдеген жасты байқаған кішкентай Аманай шешесінің мойнына асылып:

– Ә-не, қарашы, көзіне. Ақтөс те әкемді ойлап, жылап жатыр,– дейді қаннен-қаперсіз.

Иесіне қайғырған иттің көз жасы, дәрменсіз аянышты қылығы үй ішін бұрынғыдан бетер жүдетіп, жабырқатып-ақ жіберді.

– Қайтсін-ай, бауыр басқан қожайынын тілсіз мақұлықтың өзі де өлімге қимағаны ғой,– деді әңгіме шырайын бұзғысы келмей ынтыға көңіл аударған сақалды жігіт.

– Ақылды ит екен. Сосын...

– Ақтөсің шын мәнінде ақылды хайуан боп шықты, – дедім үзілген әңгімені қайта жалғап. – Иесін жерлеген күні бүкіл жиналған жұртты жылатты емес пе. Көпшілік тарқап, кісі аяғы саябырлағанда жас қабірді құшақтап, тырп етпей жатып алған Ақтөстің қылығы баршаның таңдайын қақтырып, мұңлы ойға шомдырған. Осынау ит тірлікте кең дүниеге сиыса алмай ырылдасып, дүрдигендер ісіп-кеуіп жүргеніне рахаттанады. Несіне? Кім білген? Бұрын-соңды мұндайды ұшыратпаған ересектердің өздері жанарларын бұршақтатып, жалтақ-жалтақ арттарына қарайлай берген еді. "Сонда, ит ғұрлы да болмағанымыз ба?.." Ақтөс үйге кешкі қараңғылық қоюланып, көз байланған шақта бір-ақ оралды.

...Содан құлазыған ит күн сайын ертелетіп ауыл сыртындағы зиратқа тартып отыратынды шығарды. Тіпті, біразға шейін үйреншікті әдетінен жаңылмаған. Қорымды бетке алып, бүлкілдеп бара жатқан жалғыз итті бүкіл ауыл тұрғындары танып алған.

Үлкен-кішінің аузындағы сөзі:

– Ән-е... Нәсжанның иті... Тағы да иесін іздеп барады. Қасиетті хайуан. Шіркіннің көзіндегі жасты көрсеңіз. Өзі де байғұс, қайғыдан өлетін шығар...

– Неткен ақылды ит. Аяғымыздың астына қарауды да ұмытып кетіппіз. Ең құрығанда бір-бірімізді ит құсап жоқтап, ит секілді қайғыра алмайды екенбіз ғой. Не боп кеткенбіз, осы?! – деді сақалды жігіт ауыр күрсініп.

Оның үні жарықшақтанып естілді. Мөлдіреген жанары да жасаурап тұрған еді...

– Жылағанды айтасыз, бұл күнде, тіпті, басың ауырып, балтырың сыздаса көңіліңді де сұрамайды. Заман азды ма, жоқ әлде, адамдардың пейілі азды ма?! Кім білген...

Менің де көз алдыма қабір құшақтаған Ақтөстің аянышты бейнесі жетіп келді...

## Кекшіл аю

Әдеттегі ертеңгі қарбалас. Газеттің кезекті санын нобайлап, макет сызып отырған едім. Есіктен сөйлей кірген үлкен кісі сәлемдескен күйі төрге озды. Жоғарыға жаяу көтерілгенге ұқсайды. "Егемен Қазақстанды" үн-түнсіз сапыра бастады.

Мезетінде менің ойыма келгені: "Арызқой шалдардың бірі шығар. Көңіліне ұяламаған әлдеқандай мақала жөнінде дау айтпаса жарады. Қап... Онсыз да уақытым жетпей, мұрнымнан шаншылып жатқанда..." Жоқ. Күткенімдей болмады. Бейтаныс ақсақал іздегенін тапқандай жадырай тіл қатқан.

– Қарағым, сенің мына "Табиғат хикаяларың" маған қатты әсер етті. Өзгелерге де ұнауы әбден мүмкін. Оқта-текте осындай сирек ұшырасатын, назар аударарлық дүниелерді жазып тұрғандарың дұрыс. Айтпақшы, менің атым Асылбек, Талдықорғанның Қапалынан өзіңді арнайы іздеп келіп отырмын. Бертінге дейін қой бақтым. Сонда өз көзіммен көрген бір қызық оқиғаны айтып берсем деймін. Қажетіңе жараса жазарсың.

– Не туралы? Жазуға тұра ма, өзі? – дедім шыдамсыздана.

– Әлбетте. Келіншегімді ұрлап алып кеткен аюдың қылығы әркімді-ақ елеңдетсе керек.

– Келіншегім дейсіз бе?!

– Иә, осыдан тура ондаған жыл бұрын болған жайт еді. "Кемпірім" демей отырғанымды енді түсінген шығарсың...

– Ғажап екен. Асықпай тыңдалық, сәл шыдаңыз.

Жұмысымды апыл-ғұпыл дөңгелетіп тастаған мен Асылбек ақсақалдың әңгімесіне ынтыға құлақ түрдім.

– Әлгінде айттым емес пе, қарағым. Менің бүкіл ғұмырым қой соңында өтті. Тау етегін қыстап шыққан біз күн жылына құз-тасты қиялай Қапалдың биігіне өрлейміз. Шалғыны ат бауырын сипар жайлаудың шығыс беткейі сыңсыған қарағай орманына ұласып жатыр. Ал мұзарт шыңға қол созған сол қарағай нуын ежелден қоңыр аюлар мекендейді. Жылма-жыл жазды осы өңірде өткізіп жүрген бізге олар да үйреніп алғандай. Тіпті, кірекейі кей кездері маймақ қонжықтарын ертіп алып ұзақ күнге отармен бірге жайылады. Әуелде тұс-тұстан шабалана үріп қарсы алатын иттер де келе-келе аюларды елемейтін болды. Өстіп бейқам жүргенде ешкім күтпеген оқыс оқиғаны бастан кешірдік.

Бесін ауа қойдың бетін кері бұрып, "отарды күн ұясына қонақтай қотанға үйірерсің" деп өзіммен бірге жүрген жалғыз ұлым Қанатқа тапсырып, қаннен-қаперсіз үйге келсем – әйелім жоқ. Жерошақта быксыған қоламта сөнуге жақын. Әншейінде кешкі асты әзірлеп, самауырды гүжілдетіп қоятын келіншегімнің көрінбеуі секем алдырған. Қазан-ошақ жиналмаған, киіз үйдің есігі де, түндігі де жабылмапты. Аттан түспей шоқырақтатқан беті іргедегі таудан құлап ағатын тентек өзенге тарттым. Жаман ойым: "Су алуға барғанда абайсызда аяғы тастан тайып кетіп, мерт болып жүрмесе?!" Теңкиіп-теңкиіп жатқан қойтастарды тегіс сүзіп, ерсілі-қарсылы өзен бойлап біраз сандалдым-ау. Арғы бетте отырған көрші малшылардан да сұрастырдым. Ешқайсысы да ештеңе білмейді.

Қас қарая үйге оралдым. Шешесінің ұшты-күйлі жоғалып кеткенін естіген Қанатым да аң-таң. Мұң ұялаған жанары жасаураған ол үйдің о жақ, бұ жағын зыр жүгіріп шолып шықты. Қапылыста құлап қалып түрегеле алмай жатыр ма, деген күдікпен айғайлап та көрді. Еш дыбыс, еш белгі жоқ. Өзім де қайранмын. Қол-аяғыңды бірдей жіпсіз байлаған шарасыздық мең-зең күйге түсірген. "Жер тартты ма, көк тартты ма?.." Меңіреу дәрменсіз кейіпімді байқаған ұлым көмейіне тығылған күмәнді ойының ұшығын шығарды. Қобалжыған үні жарықшақтанып үзік-үзік естілген.

– Әке, осы... шешемді.. аю... алып кеткен шығар...

– Тәйт әрі! Өзің не деп шатып тұрсың! Қайдағыны айтып...

Күмілжіген ол қатты зекіргеніме қарамастан көкейіндегісін іркпеді:

– Кеше сізге білдірмей, бұлақтың басындағы үңгірден көзін жаңадан ашқан аюдың кішкентай қонжығын алып келгем. Қорада байлаулы тұр. Байқадыңыз ба, бүгін етектен енесі көрінбеді ғой. Күндіз біз қой бағып жүргенде сүт пісіріп отырған апамды көтеріп алып кеткен болар. Түнеукүні өзіңіз айтпап па едіңіз, ашуланған аюлар қойды да, адамды да ұрлап кетеді деп...

– Әй, балам-ай, бекер істегенсің. Ыза болған аюдан бәрін күтуге болады. Жыртқыштың аты – жыртқыш. Қайта өзіңді жарып тастамаған де. Аюдың апаны қай маңда? Жақын ба, өзі? Әйтеуір, шешең аман болсын... Айтпақшы, әлгі қонжығың аш емес пе?..

– Бағана табақ сүтті сіміріп алды. Томпиып жатқан шығар. Аюдың апаны алыс емес көрінеді. Тура Тасбұлақтың басында. Шамасы, төтесінен есептегенде бір шақырымға жетпес. Аюдың үңгірі керемет үлкен екен. Ішінде бес-алты кісі емін-еркін жүре беретін секілді.

– Көкеңнің үйіндей аралапсың-ау, жүрек жұтқаным!..

Ықылассыз мырсылдаған менің айтпағымды қабағымнан сезе қойған балам, қайтып ләм-мим жақ ашпады. Мұндайда ас батушы ма еді? Кешкі тамағымызды алаң көңілмен ішкен екеуміз үн-түнсіз үй іргесіндегі төсеніш тақтайдың үстіне қисая кеттік. Түнгі тыныштықты бұзған тоқылдақтың "дүк-дүгі" қолсозым тұстан естіледі. Кей күндері өстіп түннің бір уағына шейін мазалайтыны бар. Әлсін-әлсін сыбырласқан қанаттылардың шырылы сап тыйылғаны қашан. Мүлгіген орманның ашық қалған саңылауынан толған Айдың шеті сығалады. Ілкі сәт көңілдегі күпті ойлар сейіліп қоя берген. Көз ілдіре алмай дөңбекшіген ұлымның қиналысы белгілі. "Ұйқтасаңшы, қарағым, ештеңе ойлама. Таң атысымен аюдың апанына барамыз. Шешең тірі болса, бірдеңе ғып шығарып алармыз екеулеп. Кекшіл аюдың қонжығын ертелетіп бұлақтың бергі бетіне, етекке апарып тастаған жөн. Содан кейін барып үңгірді байқастап көреміз ғой. Тек шешең... Әй, сол пәтшағарың аюдың апанында болмай шықса қайтеміз. Онда қайдан іздейміз, ә?" Тіл қатпаған Қанатым пысылдап жатыр. "Өй, жылағаның не, түн ортасында. Жігіт емессің бе? Қой, балам, қайдағы ырымды бастамай. Әзірге әкеңнің жүрегі еш секемсіз. Әйтпесе...".

...Күн шықпастан Тасбұлақтың төбесіне өрмелей көтерілген мезетте ұлым екеуміз сонадайда балпаң-балпаң басып, төменге тартып бара жатқан аюды көріп қалдық. Дыбысын шығармаған Қанат үңгірге бастай жөнелді. Сәл жүргеннен соң қаққан қазықтай мелшиіп тұрып қалған ол сыбырлай сөйлеген: "Үңгірдің аузын таспен бітеп тастапты". Заматында жүрегім аузыма тығылған. Бұршақтаған мұздай тер маңдайымды жуып қоя берді. Екі-үш кермек моншақ дәмі де тіліме білінді. Үрейлі қорқыныш. "Айдың-күннің аманында түз тағысына жем болғаның ба?.." Сөйткенше нән қойтасты орнынан қозғалта алмай мықшыңдаған ұлымның қуанышты даусы бойымды билеген үркек ойларды ұшырып жіберген. "Апам тірі екен. Сөйлеп жатыр..." Пенде шіркінді қойсаңшы. Әлгінде ғана жанымды көзіме көрсеткен жұдырықтай жүрегім атша тулайды-ай.

Жан-жағымызға жалтақтай апанның аузын бастырған дәу қара тасты әрең жылжыттық. Сыртқа шыққан әйелім тілге келместен бізді дедектетіп төменге қарай жетектей жөнелді. Ойпырмай десеңізші, бір күннің ішінде өңі бозарып қуқыл тартып кетіпті. Қатты қорыққан-ау! Қазір де аяғы аяғына тимейді. Ойын екеуміз де жазбай түсінгенбіз. "Бәрі-бәрін кейін естисіңдер... Аю келіп қалмай, үйге жетіп алайық..."

Әйелдің айтысына қарағанда оқиға былай болыпты. Бейқам қалпы ошақтың отын қузап қойып, ыдыс жуып отырған. Ебедейсіз қорбаңдаған әлдеқандай дүлей күш ту сыртынан қос қолын қусыра көтеріп алады. Айғайлап жан-жағына зер салғанда барып аюды көріп, тырп етуге шамасы келмей тілі байланып, талып қалады. Одан арғы жайдан бейхабар. Ыңырсып басын көтергенде өзінің тастай қараңғы жерде жатқанын шамалайды. Аюдың тырнақтары батқан денесі дел-сал. Күндіз бе, түн бе? Қыбырламай ұзақ отырады. Үміт сәулесіндей сезілген сығырайған сызат та сөніп, үңгір іші көз байлаған. Түн... Кірпік ілдірмеген, үрейлі де қорқынышты түн...

...Содан әйелім шошымалы сырқатқа шалынды. Ұзақ ауырды. Қариялардың айтуы бойынша "дерттің дәруі – неден шошынса, содан, яғни аюдың жүрегін жеу керек". Шыбын жан үшін адам не істемейді?! Мен де тауға шығып аю атып, әйеліме жүрегін жегіздім. Тіфә, ті-фә!.. Ем болды ғой...

– Қарағым, аю ұрлап қашқан олжа-кемпір хикаясы, міне осындай, – деп орнынан көтерілген Асылбек ақсақал бізбен қоштасты.

– Қызық екен! Қызық!

Бейтаныс қарттың әңгімесі ұйытып-ақ жіберген мен екі ауыз сөзді қайталай бердім, қайталай бердім.



## Із кескен қабан

...Бал-дәурен шағымның ізі қалған Балқаштың жағасындағы туған ауылға барған сайын міндетті түрде жаңғыртар тағы бір оқиға еріксіз қолыма қалам алғызып отыр. Алыстан шаршап-шалдығып жеткенімде алдымнан ыржалаңдап құшақ жая қарсы алатын досым Шағайды көргеннен-ақ осыдан отыз жыл бұрынғы сол көрініс қаз-қалпында еске түседі.

Қаңтардың қақаған күндерінің бірі болатын. Ол кезде бүкіл ауыл көмір дегенді білмейтін. Елдің негізгі отыны – жыңғыл. Ал оны ауыл тұрғындары қыстай қияндағы Мақаш пен Байсейіттің құмынан мәшинемен тасиды. Қалың құмның ішіндегі жыңғыл орманы қояннан жыртылып, айырылады. Сыңсыған тоғайды қыстаған шіл мен қырғауыл да жетерлік. Сондықтан отын бастырушылар қосауыздарын қолтықтарына қыстыра келеді.

Үлкен-үлкен томарлы кәрі жыңғылды таңдап, іріктеп мәшинеге сықита тиегеннен кейін қоян аулауға кірісеміз. Әп-сәтте екі-үштен қоян атып алған біз ересектердің ескертуімен кері оралдық. Тек қоянның қызығына түскен Шағай қалың қарды омбылап ұзап кеткенге ұқсайды. Оны талып жеткен мылтық даусынан сезіп отырмыз. Біраздан соң әлгіндегі әлсін-әлсін естілген мылтық үні де сап тыйылған. "Келіп қалар" деген үмітіміз, біртіндеп күдікті ойға ұласты. "Адасып кеткен шығар?! Тездетіп іздейік. Әйтпесе, күн кешкіріп кетіп, қайта алмай жүрерміз..."

Тұс-тұсқа жүгірген іздеушілер Шағайды қансырап жатқан жерінен тез-ақ тауып алды. Кеудесін дәу жыңғылдың түбіне жасырған оның етігі қанға толып кетіпті. Аппақ қар қою қара қаннан көрінбейді-ау. Қойны-қонышы... Бет-аузына дейін шашырапты. Қатты қорыққан балалардың бірі алғаш байқағанда айғайлап жылап жіберді.

– Шағай өліп қалыпты!..

Сөйткенше баяу сақтықпен қозғалған ол басын көтеріп:

– Тірімін! – дейді. – Қабан жарып кетті ғой жаңа ғана.

– Не дейсің?

– Қайдан келген қабан?.. Түсінсем бұйырмасын...

Төңірегіне үркектей жанар жүгірткен Шағай бар жайды түйіп жеткізген.

Сөйтсек, қоян жымына түскен оның соңынан жыныс тоғайдан қаңғып шыға келген нән қара қабан ілесіпті. Ізінен қалмаған қабанды көрген мезетте абдырып, тіпті тәлтіректеп алға жылжи алмайды. Сомадай басымен еңіреп жылауға жігіттік намысы жібермейді. Өмір мен өлім беттескен қиын-қыстау тұс. Жазық дала болса бір жөн. Тізеден асар омбы қар жүргізсейші. Атуға болмайды. Өршеленген шошқаның іс-әрекеті керісінше ауыр тиюі мүмкін.

Артына жалтақтай-жалтақтай ілгері адымдаған ол әбден талықсып шаршаған бойы жыңғылдың түбіне денесін жасырына құлайды. Сол сәтте екпіндеген қабан қылыштай азу тісімен жамбасынан сүйкеп жүре береді... Ет қызуымен ештеңені сезбеген Шағай аяғын қозғап көреді. "Жаны бар секілді". Қуанады. Жүрегін алақанымен ұстап байқайды. "Сыбырлап соғып тұрған тәрізді". Жымыңдайды. Тастай етіп жұмып алған көзін ашып жібереді. Қып-қызыл қан. Аппақ қар үстіндегі қызыл қан әлгіндегі қуанышын ізім-ғайым ұшырып, одан бетер үрейлендіреді. Іле жанарының алды мұнартып, басы айналып талықсып қалады...

Ажал аузынан қалған оны содан бері құрдастары "Қабан қуған Шағай" атап кеткен еді.

Күлеміз-ау. Бірақ қас-қағымда жаныңды шүберекке түйгізіп, қылпылдаған ұстараның жүзінде сынаған Тағдырдың тәлкегін кей кезде түсіну де қиынның-қиыны. Дәл солай...

## Киіктің киесі

... Өткен жылдың қыркүйегі. Уақыттың қас-қағымы-ай!.. Сыңарынан айырылған аққудай ауылға екінші күз жалғыз келемін. Отыз үш жыл жұбымыз жазылмаған Зинаның қанатын опасыз ажал қиып түскеніне де екі жылдың жүзі боп қалыпты-ау. Қан жылаған жүрегім әдеттегідей аптығып, аңқылдап емес, керісінше езіліп, еңіреп сұңқылдайтын секілді. Жасқа шыланған жанарымды жанымда отырған Құралайыма көрсетпеуге тырысамын. Өксік қысқан үнімді де барынша ішімде тұншықтырып, үн-түнсіз төңірегіме сүзілемін. Қанша дегенмен шешесінің өзі болмаса да, көзі емес пе, құлыным менің! Алай-дүлей, аласапыран жандүнием мен ішкі күйзелісімді жадау қас-қабағымнан, дірілдеген даусымнан ап-анық аңғарған.

– Неге көңілсізсіз? Ауылға жақындадық қой...

Жауап орнына басымды сүлесоқ шұлғимын.

Әлгінде аудан орталығы Үштөбеде ұшыраса қалған бауырым Тілеубектің қызыл "Жигулиі" де жол апшысын қуырып келеді. Өзі самбыр-күмбір, өткен-кеткенді еске түсіріп, жетім көңілді алдаусыратып отырғандай.

Шіркін, көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?! Осындайда айтылса керек. Ұшқыр ойымның алдыға озып, жеткізбей қойған Балқаштың жағасындағы аядай ауылымды шарлап кеткені қаш-а-ан. Айнала-төңіректе қол бұлғап дөңгелеп қалып жатқан бұйра-бұйра құм төбелер, селдір-селдір сексеуілдер, сидам-сидам тал-терек, сыңғыр-сыңғыр сыланқаған Қаратал, бәрі-бәрі... жапа-тармағай жарыса тіл қататын тәрізді.

"Неге жалғызсың, ә?.. Бізге бауыр басқан Сыр еркесі қайда?.."

Сағыныш сазы жүрек сыздатады, бірақ үнім шықпайды.

Тоқсанды тауысып, жүзге қол созған, баладай елпілдеген әкем мен сексенді алқымдаған аса салқынқанды анам ерекше елжіреп құшақ жая қарсы алған. Бәрін де ұмытып кеткен бе? Әйтпесе "Құлыным-ау, әбден шаршадың ба? Қасыңнан бір елі қалдырмайтын Зинаңнан қапияда айырылып қалғаның шын ба? Көрінбейді ғой өзі..." деп сұрамас еді...

Әлденеден секем алған асау жүрегім аузыма тығылды. Тұңғиық ойға шомсам керек, құмығып жарықшақтанып шыққан өз даусымнан өзім шошып селк ете түстім.

Бір жақсысы, ыңғайсыз күйімді сапарлас серіктерім байқамады. Бәлкім, жорта елемеді ме, әйтеуір әңгімелерін үзбей ширата өрбіткен.

– Тілеубек аға, көз ұшында бұлыңдаған аң-а-у қарайған не? Киік пе?

– Жоқ, ботам. Ол қоңыраулы құлын ғой. Айтпақшы, еліктің сүйкімді танакөз лағын Құралай дейтінін білетін шығарсың. Енесін сұм қарақшылар атып кетіпті. Ала жаздай ұзын жолдың бойын өстіп торуылдап жүргені. Ал киіктер біздің жаққа тек Арқада қыс қатты болған жылдары ғана Балқаш өтіп келеді. Ертеректе табын-табынымен, ондап-жүздеп емес, мыңдап жететін. Қазір, онсыз да азайған асыл жануар қадау-қадау ұшырасады.

– Бәрін де құртқан өзіміз, – дедім тырысып отырған жүйкемді ұстай алмай. – Жер бетінде мен білсем, адамнан асқан қатыгез жоқ. Нағыз ақылды мақұлықпыз.

– Иә.

– Солай.

Алабұртқан жүзімнің қыз-қыз қайнағанын сезе қойды ма, екеуі де менің пікірімді мақұлдап жатыр. Ал, менің есіме алтыншыда, әлде жетіншіде оқып жүргендегі оқиға жетіп келді.

– Сен, сонау жылғы қақаған қысты ұмытқан жоқсың ба, осы? Ауыл шетіндегі Сейітжан қожаның, менің Төлеген атамның қораларына киіктердің үйір-үйірімен кіріп, тығылғанын. Танадай жарқыраған көздері қандай! Құралайы сұлудың сұлуы, әп-әдемі болады екен. Тұңғыш көруім...

– Бәрі де есімде. Алпысыншы жылдардың басы. Арқаның аязы буғанда ақтүтектетіп көкше теңізден жөңкіліп бергі қамысты жағалауға жыл сайын үдере өтетін. Санында қисап жоқ. Момақан тыныш ауылдарды саялап, пана тұтып келетінін о кезде жете білмегеніміз рас емес пе?

– Дұрыс айтасың. Сөйтсек, олар қанды қол қаскөйлерден әбден зәрезап күй кешіпті-ау. Киіктерді аңшысымақ желөкпелер мотоциклмен, тікұшақпен, мәшинемен қуып жетіп, жай мылтықты қойып, бесатармен бытырлатып жайпайтын көрінеді. Ондап, жүздеп, мыңдап қырылған түз еркелерінің қан сасыған өлекселері тау-тау болып үйіліп жатады екен. Парықсыз құмарпаздық. Шектен шыққан өктем өркеуделік. Қазіргідей мүйізі мен тұяғына құныққан бизнес, коммерция заманы болса, бір басқа. Несіне жасырамыз, қолында билігі, құйрығында креслосы бар жарымжан шенеуніктердің дені аң аулауды "моданың" бірі санады. Ең құрығанда киіктің киесінен қорықпай ма, жүрексіздер?! Жанары жәудіреген сүйкімді жануарға қолдарын қалай көтереді десеңші?

– ?...

– Қора-қораны паналап, аула-ауланы саялаған жез қанат қасиетті жануарларды жақсылыққа ырымдаған үлкендер әпербақан тентектерге мылтық кезентпеді. Ауыл маңын алаңсыз қыстаған киіктер мұз көбесі сөгілмей, қайтадан теңіз асып арғабаққа, ыстық мекені – Арқаға бір күннің ішінде жосылып көшіп кетті. Сағым жылдар сағынышындай жанарымда ұялаған киіктер керуеннің ұбақ-шұбақ сұлбасын арагідік көз алдыма елестетіп қоямын...

Мұңайған күн де ұясына қонақтай Қараталдың бір бүйірінде бұйығы жатқан Байшегірге жеттік. Бір кездегі әсем ажарынан айырыла бастаған ауыл келбеті сүреңсіздеу. Ә дегеннен көзге ұрғаны – көшіп кеткен үйлердің жым-жылас қораштау орындары әр-әр тұстан үңірейіп шалынады. Тас төселген көшелерді тобықтан құм басып кетіпті. Ымырт қоюлана ауыл аспанын самаладай жарқыратып тұратын көше шырақтары мүлдем жылтырамайды, жымыңдамайды. Қараңғы түнжыр кеш.

Мұнтаздай таза аулада шоқиып қол ұстасып отырған әке-шешем өбектеп жатыр. "Құлыным-ау, туған ұяңа аман-есен жеттің бе?..". Жол-жөнекей санамда қашалған сурет қаз-қалпында қарсы алған. Жәутеңдеген жанарлар жүрекпен ұғысқан. Неге екенін қайдам, маған қос бәйтерегім тура былтыр күзде мені Астанаға шығарып салған қалпы, орындарынан әлі қозғалмай күтіп отырғандай көрінді.

Кездейсоқтық па, әлде дәл осы мезетті тағатсыздана күткендей көрші үйдің ауласынан қырылдаған магнитофонның үні естілді. Сырға толы ғажайып таныс әуез бойымды шымырлатып, елітіп барады. Құдай-ау, нақ сол ән. Қоңыр даусымен әуелетіп, өзіне баураған жезқазғандық белгілі әнші досым Береке Көшенов. Иә өзі. Ынтыға, мейірлене құлақ түремін. Бұдан ширек ғасыр бұрын Бурабай аспаны аясында алғаш рет тыңдағам. Ой мен сырға құрылған Кәкімбек ағаның өлеңіне жазылған, тамаша сазгер Жақсыкелді Сейіловтің "Жезкиігі". Әуезі мен сөзі құп қосылған сиқырлы саз сұлу суретке айналып жатқандай:

Дәл саған құрмап еді торды ешкім,
Ғайыптан душар болдың, сорды кештің.
Мен-дағы сертшіл едім далада өскен.
Сен-дағы жалтармадың жолды кестің.

Жез киік, біздің жаққа қалай келдің?
Жолымды тіке кесіп жанай бердің.
Адамның көздеріндей екі көзің,
Япырмай, дәтім шыдап қалай көрдім.

Бүгінгі күнге дейін бұл әнді дәл Берекедей нәшіне келтіріп, жан-дүниесімен түсініп, әуез-әлемнің тұңғиығына шомып шырқайтын өнерпазды кездестірген емеспін. Сай-сүйегіңді елжіреткен сирек таспа құйқылжыта түскен...

Ет кесіп өз етімнен берсем-дағы,
Жөніңе жіберейін емдеп қана.

Қашанда ойды ой қозғайды. "Жезкиік" әні де талай әңгіменің тиегін ағытты. Қайсыбірін тізбелей берерсің. Ұлағатты ұстаз, кластасым Тілеу мен әкім інім Мұрат майын тамызып шерткен ақбөкен хақындағы хикаяларды бейжай тыңдай алмасың айдан анық. Елік жайындағы есті сөз кімді елітпеген.

Осыдан жетпіс жыл бұрын-ақ жалын жырымен киік зарын қазақ сахарасына жайған Сәкен ақын үні қазіргі таңда да айрықша дабылды естілсе керек. Өкініш орны ешқашан толған емес. Көңілге ізгілік сәулесін сыздықтатып құяр қуаныш нышаны кеуде кергізгендей, әйтеуір. Оған айғақ – ел ағасы жасына жетіп, көп ілтипатына бөленген Төкен Омаровтың жүрекжарды лебізі. Негізгі мамандығы математик болса да сөздің қадір-қасиетін бір кісідей салмақтай алатын азамат. Бүкіл ғұмырын жеткіншектер тәрбиелеу ісіне арнаған ол біраздан бері жүйкесін жегідей жонған жайды үзік-үзік баяндаған-ды.

–Қателігімді кеш ұққандаймын. Жастықтың желігімен іргедегі мұздан Қарақұмға өтіп, одан ары Асанбайлатып сонау Ақжайдаққа дейін киік аулап сан мәрте бардым. Әрине, жалғыз емеспін. Жанымда достарым Әбдіхалық, Саят, Әлімбек бар. Мәшиненің өткір жарығымен бейкүнә жануарларды қуып жүріп сұлатқанымызға мәзбіз. Қап-қараңғы түнекте күшті жарықтан жанарларын аудармай сілейіп-сілейіп тұрып қалған жүздеген киіктердің іркес-тіркес сұлбалары, бейне түнгі қаладай жалтылдап ғажап көрінеді екен. Жантәсілім сәттің өзінде олар кірпіктерін қақпай, көздерін жұмбайды-ау, қасиетіңнен айналайын. Өзімізше қызық көріп даурыққан халімізді еске түсірсем, қазір екі бетім өрттей жанады. Саусағымды шайнаймын. Сең соққан балықтай, есеңгіреген есімізді енді жиғандаймыз. Әбекең мен Саят мезгілсіз дүние салды. Сүйікті ұлым ойламаған жерден отқа оранып, әйтіп-бүйтіп аман қалды. Киіктің киесі ұрады деген сөз рас екен. Өзім де ажал аузынан оралдым. Алла жатқан жерін жарық еткей, Өкен дәрігердің емі шипа болды ғой. Құдіреті күшті иемнің мейірімі түсті, білем. Бастан өткізген қателігімді кейінгі ұрпаққа, бала-шағама күніне мың мәрте ескертемін. Тәуба! Бұ тіршілігіңе де шүкір. Аң асылы – киік пен құс төресі – аққуға мылтық кезену нағыз ақымақтық! Мен осыны кеш түсіндім, бауырым!..

Ол терең күрсінді.

Мен үндемедім.

Екеуіміздің де көмейімізге кептелген жалын шарпыған сөзді айтқызбай-ақ аңғарғанбыз.

–Ойланыңдар, Адамдар! Киіктің киесі жібермейді...